

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№476

2019 жылғы 11 желтоқсан

Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №226 «Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының 24-бабының 1) тармақшасына, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» №725 бұйрығының 2-қосымшасымен бекітілген, Іске асыруы жоспарланған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізімін бекіту Тәртібінің 2-тармағына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №226 шешімімен бекітілген, Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесіне келесідей өзгерістер енгізілсін:

11-тармақ келесідей редакцияда жазылсын:

«11. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе облыстық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының галереясына екі қабатты қосымша құрылыс салу»;

42-тармақ келесідей редакцияда жазылсын:

«42. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе облыстық консультативтік-диагностикалық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының филиалын күрделі жөндеу, Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының жылыту жүйесін күрделі жөндеу»;

43-тармақ – алып тасталсын.

2. Осы шешім оның қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ж.МҰХАМБЕТПАИЗОВА

С.ҚАЛДЫҒҰЛОВА